



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» БІРІНШІ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИНАҚ



[1]

2017 жылы 2 маусымда «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ «Балалар туралы, балаларға арналған мәліметтер» атты дөңгелек үстелдің жұмысына қатысты. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті және Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры Өкілдігі «Қазақстан балалары» бірінші Статистикалық жинақты халыққа ұсынды.

Жинақта статистикалық мәліметтердің демографиялық сипаттама, денсаулық сақтау және салауатты өмір салты, білім және балалардың бос уақыты, балаларды әлеуметтік қорғау, әл-ауқаты және әлеуметтік теңсіздік, балалардың заңмен байланысы, жеткіншектердің жұмыспен қамтылуы, басқа елдермен халықаралық салыстырулар сияқты негізгі аспектілері көрсетіледі.

Дөңгелек үстел қатысушылары аталған жинаққа енген зерттеулердің қорытындысын талқылады. Халықаралық сарапшылар, кездесу ұйымдастырушыларына келесі жинақ шығарылымында статистикалық көрсеткіштердің тізімін кеңейтуге ұсыныс жасады.

Дөңгелек үстелдің жұмысында мемлекеттік органдардың, академиялық және зерттеу институттары, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар қатысты.

[Добавить в избранное](#) [2]



[3]

Links

[1] http://iac.kz/sites/default/files/styles/img_800/public/deti_kazahstana1_-_kopiya.jpg?itok=Dr3b9oGE

[2] <http://iac.kz/kk/flag/flag/bookmarks/5805?destination=printpdf/5805&token=fdc6e275c3fdac9c1fd40612c8d97c74>

[3] http://iac.kz/sites/default/files/styles/img_800/public/deti_kazahstana1_0.jpg?itok=CXW0577I